Мүгедек балалардың жалпы санынан (81547) елімізде жұлын жарығымен (spina bifida немесе толық жабылмаған омыртқа бағанасының жолдары) ауыратын 303 науқас адам бар, ол 0,4 %-ды құрайды. Олардың 288-і (95%) 14 жасқа дейінгі балалар, ал 15 жасөспірімнің жасы 15-17-де (5%).

Көптеген жағдайларда бұл патология жамбас ағзалары функцияларының, оның ішінде несеп жолдарының бұзылуымен сипатталады. Бұл жағдайда несеп жолдары үшін зарарсыздандырылған несеп катетерлері қолданылады.

Мүгедектерді, оның ішінде ерекше мұқтаж балаларды гигиеналық құралдармен, оның ішінде катетерлермен қамтамасыз ету мәселесі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретінде.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген Протездік-ортопедиялық көмек және техникалық көмекші (компенсациялық) құралдарымен мүгедектерді қамтамасыз ету қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде мүгедектер медициналық-әлеуметтік көрсетілімдергерге



және қарсы көрсетілімдерге сәйкес әзірленген оналтудың жеке бағдарламасының (бұдаун әрі – ОЖБ) негізінде міндетті гигиеналық құралдармен, оның ішінде катетерлермен міндетті түрде қамтамасыз етіледі.

Қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады, олар міндетті гигиеналық құралдардың қажеттілігін қалыптастырады, олардың тізбесі мен санын көрсетіп, сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2017 жылы 748 мүгедекті катетерлермен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 12,1 млн. теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінді.

Протездік-ортопедиялық көмек пен техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды *(Қағидаларға 1-қосымша) медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес, қуықты өздігінен босатуға толық немесе жартылай қабілетсіз болған кезде, эцицистома, нефростама болуы катетерлермен қамтамасыз етудің көрсеткіші болып табылады.*

Қолданыстағы Қағидалар мүгедектерді ұзақ мерзімді катетерлермен (30 тәулікке дейін), маталар тітіркену қаупін азайтатын және пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін биоүйлесімді материалдармен қамтамасыз етеді.

Орта білім беретін мектептерде немесе үйде оқыту мәселесін шешу үшін бала денсаулығының жағдайын «Дәрігерлік-консультациялық комиссия қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығымен бекітілген дәрігерлік-консультациялық комиссия айқындайды.

Биылғы жылы Министрлік Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп денсаулық сақтау жүйесіне білім беру жүйесінен мектеп медицинасын беру жұмысын бастады. Интернатқа жатпайтын білім беру ұйымдарының медициналық пункттерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Мектеп медицинасы міндеттерінің шеңберінде денсаулықты бұзбайтын технологияларды бақылау, оқушылардың дене тәрбиесін ұйымдастыру және мектепте санитариялық-гигиеналық режимнің сақталуы көзделеді.

Оқушылардың денсаулығын экспресс-бағалау үшін аппараттық-бағдарламалық кешендер, психофизиологиялық және соматикалық денсаулығының деңгейін бағалау, организмнің функционалдық және бейімділік резервтерін енгізу жоспарлануда, бұл келешекте мектеп оқушыларының бірыңғай денсаулық деректері базасын құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде мектеп мейіргерлерінің статусын арттыру, ақпараттық, білім және практикалық дағдыларға оқыту жүргізілуде.

Министрліктің міндеті – профилактикалық жұмыс міндеттерін қайта бағдарлау, оның оқушылар денсаулығын нығайтуға ықпал ететін орта құрудағы рөлін күшейту, мектеп медициналық қызметкерінің мектептің емдеу-профилактикалық жұмысына қатысты басқару шешім қабылдауда қатысуын қамтамасыз ету.

### **3) Балаларға стоматологиялық көмек көрсетуге қатысты**

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандығы № 2136 қаулысына сәйкес Ауырсынуды басу, тісті тазалау және химиялық қатырылған құрама материалдан жасалған пломбаны салу, ауырсынуын баса отырып тісті жұлуды қоса алғанда, маманның жолдамасы бойынша балаларға және жүкті әйелдерге (ортодонтикалық және ортопедиялық көмектен басқа) жоспарлы стоматологиялық көмектің кепілдік берілген көлемінде көрсетіледі.

2017 жылғы 1 қаңтарға барлығы 2611 стоматологиялық ұйым қызмет көрсетеді, оның ішінде 60 %-ы қалада, 40%-ы ауылдық жерлерде. 2611 ұйымның 920-ы мемлекеттік меншікте, бұл 35,2% құрайды.

Мемлекеттік стоматологиялық кабинеттердің санының ұлғаюы ауылда тұратын халықтың стоматологиялық қызметтерге қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Ресми статистикаға сүйенсек, ауылдық жерлерде 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін мемлекеттік кабинеттердің саны 191-ден 332-ге дейін, қалада 115-тен 214-ке дейін өсті.

2016 жылдың қорытындысы бойынша білім беретін ұйымдарда 322 мемлекеттік стоматологиялық кабинет және (800 адамнан көп оқушысы бар мектепте) профилактика кабинеті жұмыс істеді. 2011 жылы кабинеті бар мектептер 4,8 %-ды құрады, 2016 жылы 38,9 %-ға жетті.

Балалар мен жасөспірімдерде стоматологиялық аурулар профилактикасы бойынша шаралар кешені әзірленді. «Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына сәйкес әрбір 4 жыл сайын (6, 10, 14 жаста) балалардың барлығы стоматологтан профилактикалық тексеруден өтеді. Тіс жегісі болса учаскелік педиатр, жалпы практика дәрігері пациентті Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде зерттеп-қарауға және емдеуге жібереді.

Қосымша ауылдық жерлердің 7-8 жастағы балалары үшін Министрліктің жетекшілігімен стоматологтар қауымдастығы «Ослепительная улыбка на всю жизнь» атты ұлттық жобаны іске асыруда. Онда тегін стоматологиялық тексеріп-қарау мен жылжымалы стоматолог кешендерін тарта отырып, мектептерде балаларды сауықтыру жүргізіледі. Жоба шеңберінде стоматологиялық тексеріп-қарауды, санацияны, гигиена сабақтарын өткізуді, ата-аналарымен әңгімелесуді қамтитын, 40 мыңнан астам бала медициналық көмек алды.

Стоматология саласындағы қызметтердің сапасын арттыру «Стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы» 2017 жылғы 8 шілдедегі № 397 бұйрық пен «Стоматологиялық көмек көрсету стандарттарын бекіту туралы» 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 1052 бұйрығын іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі.

**4) Мүгедек балалардың ата-аналарын құқықтары мен мүмкіндіктері туралы хабардар етуге қатысты**

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналарының облыстардың, Астана және Алматы қалаларының алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары деңгейінде диагностикалық және емдеу іс-шараларынан хабардарлығын арттыру үшін бірыңғай Call-орталықтар, денсаулық мектептері мен сенім телефондары жұмыс істейді, пациенттерге әлеуметтік-психологиялық консультация беру жүзеге асырылуда.

Облыс деңгейінде неврологиялық бөлімшелерде балаларымен стационарлық ем алып жатқан аналар үшін оқыту тренингтер енгізілген.

Мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында 2015 жылдан бері Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Қазақстан-Ресей медицина университетінің базасында мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға онлайн-қолдау қызметін іске қосты. Оның нәтижесі бойынша 2016 жылдың өзінде 573 отбасына консультациялық көмек көрсетілді.

Онлайн-қызметтің негізгі міндеті мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық саулықты қалыптастыру үшін жағдай жасау, отбасында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

Консультациялық қызметтерді неврология, жалпы медициналық, психология және педагогика курстарымен психиатрия, наркология кафедрасының білікті мамандары көрсетеді.

Қызмет жұмысы «SKYPE» бағдарламалық жасақтамасы арқылы Интернет ресурстың мүмкіндіктерін пайдалана отырып ұйымдастырылған.

Бұдан басқа, халықтың мүгедектіктері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және жағдайларын жақсарту бойынша мемлекеттік шаралар туралы хабардарлық деңгейін арттыру үшін 2016 жылғы 15 маусымнан 15 қыркүйек аралығында елімізде «Халыққа бет бұрыс!» атты акция өтті.

Акция шеңберінде 1 475 кездесу, 337 жиналыс, дөңгелек үстел мен семинар өткізілді, БАҚ-та 658 мақала жарияланды, телеарналар мен радиода халықпен 42 «тікелей байланыс» өткізілді, көрнекі үгіт құралдары арқылы 1 833 ақпарат жарияланды, 80 стенд пен билборд орнатылды.

Сондай-ақ медициналық ұйымдардың деңгейінде регистратураға кіре берісте көрнекі жерлерде (холлдар, регистратура) халықтың танысуы үшін «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 29 қаулысында регламенттелген ТМККК алуға құқық бойынша ақпарат орналастырылуда. Бұл қаулы облыстар мен қалалардағы барлық медициналық ұйымдарға жіберілген.

Денсаулық сақтау министрлігі мүгедек балалардың және ата-аналар топтарының проблемаларымен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынас жүргізеді, бірлескен кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізеді.

**5) Мүгедек баланың анасы/қамқоршысы үшін әлеуметтік жұмыскер статусына қатысты**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік жұмыскер – арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін және (немесе) белгіленген талаптарға сай

келетін қажетті біліктілігі бар арнайы әлеуметтік қызметтердің қажеттілігін анықтайтын адам

Бұл ретте, әлеуметтік қызметкерлерді қабылдау конкурстық негізде, егер олар біліктілік талаптарына және сұхбаттың нәтижелеріне сәйкес келсе, жүзеге асырылады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартында бір әлеуметтік қызметкерге үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алушылардың саны айқындалған.

Мәселен, мүгедектік бар балаларға күтім көрсететін бір әлеуметтік қызметкерге 4-6 психоневрологиялық ауытқулары бар, ТҚА бұзылған баладан (денсаулығы мен қозғалу функциясының жағдайына қарай) келеді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, өзінің мүгедек баларына күтім жасайтын адам әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік сипаттамалар мен лауазымдық талаптарға сәйкес жалпы негізінде конкурстық рәсімдерден өткен кезде, олар әлеуметтік қызметкер ретінде жұмысқа орналасуға құқылы.

Сонымен қатар, ана мен баланы қорғау мақсатында мүгедек баласы бар отбасыларға заңнамада белгіленген барлық әлеуметтік қолдау шараларын алуға мемлекет кепілдік береді. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңда бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы, он сегіз жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы жәрдемақы, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын ай сайынғы жәрдемақы төлемдері көзделген.

Мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) ай сайын мемлекеттік жәрдемақы (18 жасқа дейінгі мүгедек балаға) төленеді, олардың мөлшері 1,05 ең төменгі жалақыны құрайды (2017 жылда 25 682 теңге).

***б) Санаторий-курорттық емделу үшін жыл сай медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуге қатысты***

Мүгедектер мен мүгедек балаларға арналған санаторий-курорттық емдеу шараларын, санаторий-курорттық емдеу (бұдан әрі - СКЕ) ұсыну қағидаларына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектерге өтініші және оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі - ОЖБ) негізінде жүзеге асырады.

МСЭ қызметкерлері мүгедектікті анықтау кезеңінде, 088/е нысанында көрсетілген оңалту іс-шаралары жоспарына немесе медициналық ұйымның ДКК пікірі бойынша ұсынылған ұсыныстарға сәйкес Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мүгедектерге СКЕ-ні қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып ОЖБ әзірлейді.

Санаторий-курорттық жолдамаларды мүгедектерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес

анықталған санаторий-курорттық ұйымдарға жергілікті атқарушы органдар береді және күнтізбелік жылда бір рет ұсынылады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, СКЕ алу үшін балаға жыл сайын мүгедектікті растауға міндетті емес.

Мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар мүгедектікті белгілеу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде мүгедектікті белгілеу мерзімдерін сақтаумен қайта куәландырылады.

### **7) Кресло-арбалардың сапасына қатысты**

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі - Еңбекмині) деректері бойынша техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын, оның ішінде кресло-арбаларды сапалы ұсыну мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің отырыстарында бірнеше рет көтерілді.

Сапасы төмен оңалтудың техникалық құралдарын сатып алу себептерінің бірі:

- тапсырыс берушілер жағынан, атап айтқанда жергілікті атқарушы органдар тарапынан сапасыз жасалған конкурстық құжаттама болып табылады. бұл мәселені шешу үшін ҚР Еңбекмині мүгедектерге берілетін сурдотехникалық, тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдарға, көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына біріңғай талаптар әзірледі. Аталған біріңғай талаптардың жобалары мемлекеттік сатып алуды жүргізу барасында техникалық құжаттама әзірлеу кезінде әдістемелік ұстанымдар ретінде қолдау үшін өңірлерге жолданды;

- мемлекеттік сатып алу конкурсы процедурасының екінші кезеңі шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бағасын төмендетуге заңнамалық құқық болып табылады. Мысалы, жергілікті атқарушы органдар міндетті гигиеналық құралдарын сатып алу кезінде жоғары сапалы тауарды жеткізуге мүмкіндік беретін бағаны белгілейді. Алайда мемлекеттік сатып алу конкурсының екінші кезеңінде өнім беруші заңнамалық құқықты пайдалана отырып, тауардың бағасын төмендетіп, оған конкурсты ұтып алуға мүмкіндік береді.

Осы мәселені шешу үшін ҚР Еңбекминінің ұсыным бойынша 2015 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мүгедектердің мұқтажына қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін сатып алу бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы сараптама комиссиясын құруға немесе әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтіндігі туралы сараптамалық қорытынды дайындау үшін сарапшыны анықтауға құқылы, ол конкурстық құжаттаманың бір бөлігі болып табылады.

**8) Мүгедек балаларға оңалту көмегін және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдау көмегін көрсету**



Мүгедек балаларға оңалту көмегі республикалық маңызы бар 2 орталықта: «Балбұлақ» балалар оңалту орталығы (Алматы қ.) мен балалар оңалту орталығында (Астана қ.), сондай-ақ түрлі ведомстволарға қарайтын (ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ҮЕҰ мен жеке құрылымдар) 55 өңірлік деңгейдегі оңалту орталықтарында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында медициналық оңалту орталықтарында, бөлімшелерінде және қалпы келтіре емдеу койкаларында және көппрофильді стационарларда, сондай-ақ амбулаториялық жағдайларда оңалту жүзеге асырылады.

Республикамызда 13 дербес қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымы (8 балалар және 5 ересектерге арналған) жұмыс істеп, 1378 койкада 13 149 пациентке медициналық оңалту жүргізілді.

Қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту бөлімшелері республика бойынша барлығы 113, оның ішінде 32 – балаларға, 81-і – ересектерге арналған.

Жалпы халыққа оңалту қызметтерін көрсететін қалпына келтіре емдеу мен оңалту қызметтерін көрсететін қалпына келтіре емдеу мен оңалту бөлімшелері мен койкалары бар медициналық ұйымның санының 67 %-ын өңірлік көппрофильді ауруханалар, 29 %-ын – өңірлік деңгейдегі оңалту орталықтары, 3%-ын – республикалық орталықтар құрайды.

Республика бойынша жалпы қалпына келтіре емдеу мен оңалту қызметтерін көрсететін койкалар 3832, оның 1516-ысы – балаларға, оның ішінде неврологиялық профиль бойынша – 418 балалар, кардиологиялық – 35, травматологиялық – 55, нейрохирургиялық – 16, кардиохирургиялық – 41, ортопедиялық – 107 балалар койкасы. Оңалту емін 25314 бала алды.

Оңалтудың жеке бағдарламаларын орындау, оларды жетілдіру Еңбекмині Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімімен бірлесіп жүргізіледі. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Уақтылы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау мақсатында балаларға скрининг жүргізіледі, ол туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды, қалыпты дамудан ауытқуларды ертерек айқындау үшін, балалар дамуындағы бұзылулардың профилактикасын, мүгедектіктің ауыр формаларының алдын алуға септігін тигізеді.

Пренатальді скринингпен қамту 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы нерв түтігінің (грыжа) ақауы бар балалардың туылуын 3,2 %-ға төмендетті. 2016 жылы жаңа туған нәрестелердің 81%-ына неонатальді скрининг жасалды, ол 2015 жылмен (76 %) салыстырғанда 6,5 %-ға жоғары.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзеу-дамыту арқылы қолдау мәселелері бойынша консультацияны ата-аналардың білім беру ұйымдарының жанындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттерінен, консультациялық пункттерден алуларына болады.

Сонымен қатар, жалпы білім беру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді дамыту шаралары қабылданды, бұл эпилепсиясы бар балаларды әлеуметтендіру деңгейін арттырып, стигматизация деңгейін төмендетті.

Бүгінгі күнге ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы саны 144 783 құрайды, оның ішінде 96 555 мектеп жасындағы және 48 228 метеп жасына дейінгі балалар.

Қазіргі уақытта арнаулы оқу бағдарламалары әзірленіп, оқыту-тәрбиелеу процесіне енгізілді.

Сонымен қатар, қант интеллекті бар балалар жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатыр (интеллекті бұзылған балаларға білім беру бағдарламасын психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация айқындайды).

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекет денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде тегін жеке оқытуға кепілдік береді.

Жалпы білім беру мектептерінің оқушыларын үйде оқыту жеке сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Ерекше білім беруді қажет ететін 11457 бала үйде оқытылады.

Пренатальді скринингпен қамту 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы нерв түтігінің (грыжа) ақауы бар балалардың туылуын 3,2 %-ға төмендетті. 2016 жылы жаңа туған нәрестелердің 81%-ына неонатальді скрининг жасалды, ол 2015 жылмен (76 %) салыстырғанда 6,5 %-ға жоғары.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзеу-дамыту арқылы қолдау мәселелері бойынша консультацияны ата-аналардың білім беру ұйымдарының жанындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеттерінен, консультациялық пункттерден алуларына болады.

Сонымен қатар, жалпы білім беру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді дамыту шаралары қабылданды, бұл эпилепсиясы бар балаларды әлеуметтендіру деңгейін арттырып, стигматизация деңгейін төмендетті.

Бүгінгі күнге ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы саны 144 783 құрайды, оның ішінде 96 555 мектеп жасындағы және 48 228 метеп жасына дейінгі балалар. Қазіргі уақытта арнаулы оқу бағдарламалары әзірленіп, оқыту-тәрбиелеу процесіне енгізілді.

Сонымен қатар, қант интеллекті бар балалар жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатыр (интеллекті бұзылған балаларға білім беру бағдарламасын психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация айқындайды).

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекет денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде тегін жеке оқытуға кепілдік береді.

Жалпы білім беру мектептерінің оқушыларын үйде оқыту жеке сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Ерекше білім беруді қажет ететін 11457 бала үйде оқытылады.

### **9) Эпилепсиямен ауратын пациенттерге медициналық көмек көрсет мәселелеріне қатысты**

Эпилепсиямен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 19 қазандағы № 809 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартының негізінде жүргізіледі.

2017 жылдың басында 0-ден 18 жасқа дейінгі және одан жоғары эпилепсия диагнозымен 57 683 науқас есепте тұр (2015 жылы 4628 науқас тіркелген).

Эпилепсияның Қазақстанда таралуы 0,2%-ды құрайды, ал дамыған елдер де 0,5–1,0 %.

Барлық қалшылдауға қарсы препараттардың бірдей әрекет ету тетігі бар екенін атап өту қажет.

Диспансерлік есепте тұрған эпилепсиядан зардап шегетін науқастар негізгі базалық қалшылдауға қарсы препараттармен, оның ішінде «Кеппра», «Ламотриджин», «Топамакс» жаңа ғасыр препараттарымен «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, МСАК медицина қызметкері неврологиялық патологияның, оның ішінде эпилептикалық синдромдардың анағұрлым таралған түрлерінің клиникалық көрінісін тану, диагностика және емдеу бойынша сабақтарды қамтитын бағдарлама бойынша қамтиды. Осылайша, учаскелік дәрігерлер және орта медицина қызметкерлері қалшылдау синдромы кезінде кезек күттірмейтін көмек көрсету бойынша дағдыларға ие.

Бұдан басқа, қосымша білім бер бағдарламалары жүзеге асырылады. 2016 жылы МСАК деңгейінде 60 дәрігер (жалпы практика дәрігерлері мен педиатрлар) мынадай тақырыптар бойынша оқудан өтті: «Диагностика и лечение эпилепсии у детей», «Эпилептические синдромы», «Качество жизни детей с эпилепсией», «Пароксизмические состояния в неврологии. Дифференциальная диагностика и лечение». Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің неврология кафедрасы МСАК мамандары – жалпы практика дәрігерлері мен педиатрлары үшін эпилептология мәселелері бойынша қысқа мерзімді модульдік бағдарламаларды үнемі жүргізіп отырады.

1998 жылдан бастап Қазақстанда Орталық-Азия елдерінің балалар неврологтарының халықаралық конференциясын өткізіліп тұрады, оған Қазақстаннан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Түркиядан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Австриядан, Германиядан, Франциядан және басқа мемлекеттерден 300-ге дейін балалар неврологтары қатысады. 2017 жылы Алматы қаласында Орталық-Азия елдерінің балалар неврологтарының 8-ші халықаралық конференциясын өткізу жоспарланып отыр, сондай-ақ конференция шеңберінде Францияның жетекші мамандарының қатысуымен «эпилепсия мектебінің» жұмысын жалғастыру жоспарланып отыр.

Медицина қызметкерлерін интерактивті оқыту мастер-кластар, интерактивті семинарлар нұсқасында жүзеге асырылады, онда ЖОО-лардың оқу-клиникалық орталықтарының симуляциялық жабдықтары, қалшылдау синдромы кезінде кезек күттірмейтін көмек көрсету бойынша бейнероликтер пайдаланылады. Осылайша, 2016 жылы Республикалық медициналық ұйымдар және медициналық ЖОО-лар 190 телеекция ұйымдастырды.

Қоғамды эпилепсия мәселелеріне белсенді тарту мақсатында 2013 жылдан бастап жыл сайын халықаралық жетекші сарапшыларды тарта отырып, оқу конференциялары және халықаралық эпилепсия күніне арналған қайырымдылық акциялары өткізіледі. Дәстүр бойынша облыстық, қалалық деңгейлерде жыл сайын «Күлгін күн – эпилепсия туралы білімді танымал етуге арналған халықаралық күн» ашық есік күндері өткізіледі.

Аталған акцияға облыстардың, Астана және Алматы қалаларының барлық орталықтары тартылды, онда облыстардың бас балалар неврологтарының басшылығымен осындай ашық есік күндері өткізілді. Осы іс-шаралардың шеңберінде 250 астам балаға және олардың ата-аналарына консультация берілді. 2017 жылы Алматы қаласында халықаралық эпилепсия күніне Германиядан әріптестермен бірлесіп халықаралық эпилептикаға қарсы лиганың қазақстандық филиалының басшылығымен бірегей терапия – кетогенді диета қабылдайтын пациенттердің қатысуымен іс-шараларға орайластырылды.

Сондай-ақ 9-10 наурызда Астана қаласында Фамили клиник мультпәндік клиниканың базасында эпилепсиясы бар пациенттерге арналған ашық есік күндері ұйымдастырылды, онда ҚР ДСМ штаттан тыс ба неврологының басшылығымен эпилепсияның ауыр түрлерімен ауыратын пациенттерді тегін қабылдау жүргізілді, Қазақстанның өңірлерінен 56 бала қарап-тексерілді. 2017 жылғы 23-26 наурызда эпилепсия саласындағы халықаралық сарапшы Оливье Дюлактың қатысуымен қайырымдылық акциясы өткізілді, акция барысында балалар невролог дәрігерлері үшін конференция және эпилепсияның ауыр түрімен ауыратын пациенттерге консультация ұйымдастырылды.

Денсаулық сақтау министрлігі мүгедек балалардың мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) бірлесе отырып, нормативті құқықтық акт жобаларын әзірлеу барысында оны талқыға салып, жұмыс тобына ҮЕҰ мүшелері тартылады, сонымен қатар міндетті түрде Ассоциация мен Қоғамдық кеңес кезеңінде келісу жүргізіледі.

2017 жылдың өткен уақытында ана мен баланы қорғау саласында

нормативті құқықтық базасы жетілдірілді. (Анықтама: 2017 ж. бекітілген: 1) балалар отоларингология қызметін жетілдіру жөніндегі жол картасы; 2) Қазақстан Республикасында балаларда сирек кездесетін аурулардың диагностикасы мен оны емдеу жаңа үлгілерін енгізу жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған жол картасы; 3) Қазақстан Республикасында балалар онкологиялық және гематологиялық қызметтерін жетілдіру бойынша жол картасы; 4) Балаларда церебральды сал ауруының даму себебін зерттеу бойынша 2017 жылға арналған жұмыс жоспары 5) Қазақстан Республикасында аутизммен ауыратын балаларға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру бойынша 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары).

Жол карталарының іс-шаралар жоспарында үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық қорлармен және мүмкіндігі шектеулі балалардың ата – аналарымен бірлескен ведомствоаралық жұмыстар қарастырылды.

Сонымен, Қазақстан Республикасында балалар онкологиялық және гематологиялық қызметтерін жетілдіру жөніндегі жол картасында халықпен, онкологиялық ауруларды ерте анықтау мен балалардағы қатерлік ісіктерді заманауи технологиямен емдеу бойынша қоғаммен ақпараттық жұмыс бөлімі бар. Бөлімде келесі іс-шаралар бар: коммерциялық емес ұйымдармен, ҮЕҰ-мен серіктестік; «Балаларды қолдау қызметі» ақпараттық порталын жасау; балалардағы онкологиялық және гематологиялық аурулардың негізгі белгілері жөнінде ата-аналарға арналған баспа өнімін (буклеттер мен ескертпелер) шығару, балалардағы онкологиялық аурулардың ерте диагностикасы бойынша атлас шығару; ҮЕҰ ішінде қатерлі ісік және қан ауруымен ауыратын пациенттер мен олардың ата-аналарының ақпараттылығын арттыру үшін әлеуметтік тапсырысқа қаражат бөлу; халықтың сауаттылығы мен онкосақтығын арттыру мақсатында дөңгелек үстел мен пациенттердің ата-аналарымен кездесу ұйымдастыру, сондай-ақ, балаларда онкологиялық және гематологиялық қызметтердің дамуы бойынша мәселелердің шешілуі: «Мен – жеңімпазбын» жобасын өткізу.

Балалар мүгедектігінің өзекті мәселелеріне аса назар аударғаныңыз үшін Министрлік өз тарапынан алғысын білдіреді және Сіздің ұсыныстарыңызды қабылдайды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық көмекті жақсарту жұмыстары мен ведомствоаралық серіктестік алдағы уақытта жалғасын табады.